



Диссертациялық кеңестің 2015 жылғы жұмысы туралы

**ЕСЕБІ**

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

Дінтану бойынша диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы Муминов Аширбек Курбанович

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2015 ж. «27» ақпанындағы № 286 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

6D020600 -Дінтану мамандығы бойынша;

6D021500 -Исламтану мамандығы бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

**1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер**

Есеп беріліп отырған мерзімде кеңесте 4 отырыс өткізілді.

**2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы) – жоқ.**

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі**

№	Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО
1	Шагирбаев Алмасбек Дуйсенбекович	6D020600- Дінтану	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы	Отандық ғылыми кеңесші: филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің	Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті



				проректоры Керім Шамшәдин Тұрсынұлы. Шетелдік ғылыми кеңесші: PhD докторы, Кастамону университетінің профессоры Али Рафет Өзкан (Кастамона қ., Түркия Республикасы).	
2	Құрманбаев Қайрат	6D021500-Исламтану	Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «Усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері	Отандық ғылыми кеңесші: Филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б.Сүлейменов атындағы шығыстану институтының директоры Абсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі; Шетелдік ғылыми кеңесші: PhD докторы, Әл-Азхар университетінің профессоры Махир Ахмад Амир (Танта қ., ЕАР).	Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

#### 4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

##### 4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Қорғалған диссертациялық зерттеулердің тақырыбы дінтану және исламтану саласымен байланысты.

Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы қазақ халқының өткен тарихындағы көрнекті тұлғаларының бірі, ойшыл-ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарастарын заманауи кезеңдегі ғылыми тұрғыдан талқылаудан өткізуге арналған. Зерттеуші маман ойшылдың шығармашылығын дінтанулық зерделеу тұрғысынан талдау жасау арқылы халқымыздың өткендегі ерекше рухани әлемі мен жаңашыл мәдениетінің өзара байланысын айқындауға талаптанады, сөйтіп, күрделі мәселенің заманауи инновациялық талаптарға сай қырларын анықтау арқылы



автор зерттеу нысанын барынша өзектендіре, маңыздандыра түседі. Көрнекті ақын Мәшһүр Жүсіп көзқарасындағы өзектенген мәселелерге дінтану ғылымы шеңберінде талдау жасау – қазіргі ғылым мен қоғамның рухани талабы, заман мен уақыттың сұранысы. А.Д. Шагирбаевтың «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы» атты диссертациясында М.Ж. Көпеевтің діни көзқарасы мен өмірі және шығармашылығындағы тұлғалық діни дүниетаным эволюциясы ұғымдық-концептуалдық талдаудан өткен, сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымына тән діни ой-толғамдар қазіргі заманғы дінтанулық парадигмада айқындалып, бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндей ғылыми нәтижелер ұсынылған.

Құрманбаев Қайраттың «Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «Усул әл-фиqh» ілімінің лингвистикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясында Хусамуддин әс-Сығнақидың өмірі мен шығармашылығына тарихи-сараптамалық талдау жасалып, ғалым еңбектеріндегі ислам құқығының лингвистикалық негіздері құқықтық-герменевтикалық, лингво-семантикалық тұрғыда зерттеліп, бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндей ғылыми нәтижелер ұсынылған. Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі мұсылмандық құқық теориясының лингвистикалық негіздерін құқықтық-герменевтикалық тұрғыда талдау алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Әс-Сығнақи еңбектері негізінде мұсылмандық құқықтың лингвистикамен арақатынасын зерттеу – діни мәтіндерді теологиялық-құқықтық, лингво-семантикалық синтезде интерпретациялаудың маңыздылығын айқындап, діни мәтіндерді қате түсіну салдарынан туындайтын топтардың алдын алудың теориялық тұжырымдарын дайындауда өзекті. Бұндай зерттеулер қазақ даласының орта ғасырлық ғылыми бай мұрасын ғылыми бағытта игерумен қатар, тарихи-рухани жадыны жаңғыртуды, тарихи сабақтастықты сақтауды, рухани-мәдени танымды арттырып, тарихи сана негізінде патриоттық рух қалыптастыруды көздеген мемлекеттік ұлттық идеологияны қалыптастыруда да маңызды.

#### **4.2. Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы**

Диссертациялық кеңестің отырыстарында қаралған диссертациялар Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің білім беру бағдарламаларына, университеттің даму стратегиясына, дінтану және исламтану кафедраларының ғылыми зерттеу жоспарларына сәйкес орындалған. Сондай-ақ екі диссертацияның да Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» және ұлттық мәдени мұраны игерумен байланысты мемлекеттік бағдарламаларға қатысы бар.

*М.Ж. Көпеев*



#### **4.3. Қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау**

Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы» атты диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында дінтану, философия пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады. Ғылыми жұмыстың нақтылаған құнды материалдарын еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу институттарында, дінтану, мәдениеттану, әлеуметтану, мәдени антропология, әлеуметтік философия, филология салалары бойынша бакалаврлар мен магистранттар үшін арнайы курстарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады.

Құрманбаев Қайраттың «Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «Усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында исламтану, дінтану, лингвистика, құқық пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады.

#### **5. Рецензенттердің жұмысына талдау**

Диссертациялық кеңестің отырысында қорғауға ұсынылған екі диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттерді тағайындау қаралып, рецензенттер бекітілді. Әр докторанттың диссертациялық жұмысы үшін ғылыми дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша 5 ғылыми мақаласы бар екі рецензенттен тағайындалды. Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы» атты диссертациялық жұмысының рецензенттері ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Бейсенов Бағдат Қабылдаұлы – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, мамандығы – 09.00.13

2. Сәрсенбі Дәуітов – филология ғылымдарының докторы, Халифа Алтай қайырымдылық қоры ақылдастар алқасының төрағасы, мамандығы – 10.01.02.

Құрманбаев Қайраттың «Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «Усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензент ретінде:





1. Мухитдинов Рашид Сражович - филология ғылымдарының кандидаты, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, мамандығы – 10.02.20

2. Абжалов Султанмурат Утешович - философия ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті м.а., мамандығы – 09.00.13 тағайындалды.

Рецензенттер диссертацияларды және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынды. Онда диссертациялық жұмыс тақырыптарының өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар, ұсынымдар және практикалық құндылығы негіздемесінің дәрежесі, олардың жаңалығы бағаланып, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берілген.

Рецензенттердің пікірлері «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже» (2011 ж. «31» наурыз №126 бұйрық) талаптарына сәйкес орындалған және рәсімделген.

#### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар**

6D020600-Дінтану және 6D021500-Исламтану мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің жұмыс мерзімін үш жылға ұзартуды ұсынамыз

#### **7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер**

	6D020600- Дінтану	6D021500- Исламтану
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	1	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	1
Оның ішінде басқа оқу	-	-

*Е.А.Жалов*

орындарынан		
-------------	--	--

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы



А.К.Муминов

Диссертациялық кеңестің  
Ғалым хатшысы



Ш.А.Адилбаева

11.01.2016 ж.

